

Топтық жұмыс:

№ 1 тапсырма:

Терминдерді дұрыс анықтамасымен сәйкестендіріңіз.

1. Этнос		А) Бір мемлекетте бірнеше тілдердің қатар жүруі (қостілділік)
2.Тіл		Ә) Белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан тілі мен мәдениеті ортақ, өз бірлігі мен басқа халықтардан айырмашылығын түсінетін тұрақты адамдар жиынтығы.
3.Лингва франка		Б) Адамдардың қарым-қатынасының, мәлімет сақтау және берудің маңызды құралы.
4.Билингвизм		В) Түрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынас жасауына қызмет ететін кез келген тіл.
5. Өлі тілдер		Г) Әлем тілдерінің құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және оның жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы.
6 . Лингвистика		Ғ) белгілі бір жердегі (аймақ,облыс,аудан) тұрғындарының сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер.
7. Диалект		Д) Қолданудан шыққан, жазба ескерткіштер мен жазбалардан ғана белгілі тіл
8 . Генеалогиялық классификациялау		Е) Дүниежүзі тілдерін өзара бір бірімен туыстығына қарай салыстырмалы тарихи тұрғыдан топтастыру

Дескриптор:

-терминдерді дұрыс анықтамасымен сәйкестендіреді.


(2 балл)

Жұптық жұмыс. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі.

№ 3 тапсырма:

А) Картаны пайдаланып, кең таралған тілдерді пайдаланатын мемлекеттерді анықтаңыз.

Ә) Берілген кестені пайдалана отырып, дәптерге бағаналы диаграмма құрыңыз.



Тілдер	Мемлекеттер

Кең таралған тілдер	Сөйлейтін халық саны (млн.адам)
Қытай	1200
Ағылшын	520
Испан	400
Хинди	360
Араб	250
Бенгал	225
Португал	210
Орыс	200
Жапон	127
Француз	120
Неміс	100


Дескриптор:

-кең таралған тілдерді пайдаланатын мемлекеттерді анықтайды;
(1 б)

--кең таралған тілдердің бағаналы диаграммасын құрады;
(1 балл)

- Жеке жұмыс
- № 1 тапсырма:

Кең таралған тілдерді пайдаланатын мемлекеттерді анықтаңыз.



Тілдер	Мемлекеттер

- Дескриптор:**
- ағылшын тілі таралған мемлекеттерді анықтайды;
 - испан тілі таралған мемлекеттерді анықтайды;
 - араб тілі таралған мемлекеттерді анықтайды;

Жеке жұмыс: «4 сұрақ» әдісі

№ 4 тапсырма:

1. Ағылшын тілінің Австралия құрлығында таралуы қай саяхатшының еңбегінің «нәтижесі» болды? _____

2. Испан және португал тілдерінің Оңтүстік Америкада таралғанын қалай түсіндіре аласыз? _____

3. Америка жеріне негроид нәсілдерінің қоныстануындағы басты себеп? _____

4. Ағылшын, француз, орыс, испан, араб және қытай тілдері халықаралық ресми тілдер мәртебесіне ие. Қазақ тілі осындай әлемдік лингва франка мәртебесіне айналу үшін қандай жұмыстар атқарылуы қажет? _____

Дескриптор:

-саяхатшының есімін анықтап, ағылшын тілінің таралуына әсер еткен жағдайларды анықтайды; (1 б)

-Оңтүстік Америкада испан және португал тілдерінің таралу себебін анықтайды; (1 б)

-негроид нәсілдерінің Америка жерінде қоныстануының себебін анықтайды. (1 б)

-оқушылар өз болжамын ұсынады. (2 б)